



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE  
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ  
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ  
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л.Н. ГУМИЛЕВА  
GUMILYOV EURASIAN  
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2015»  
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ



СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
X Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS  
of the X International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2015»

**УДК 001:37.0**  
**ББК72+74.04**  
**Ғ 96**

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0  
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2015

ӘОЖ [811.581:003.3](091)

## ҚЫТАЙ ЖАЗУЫНЫҢ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫМЫ

**Тайбасарова Арайлым Булатовна**

[t\\_arailym@mai.ru](mailto:t_arailym@mai.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Аймақтану мамандығының студенті

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Шәріпхан М.

Қытай жазуы – Қытайда пайда болған, 3 мыңжылдық иероглифтік және идеографиялық жазу жүйесі. Қытай жазуының алфавиттен басты айырмашылығы – әр таңба мен белгінің өзіндік формасы, дыбысталуы мен мәнге ие болуында. Бүгінгі таңда Қытай жазуының екі түрлі формасын айтып көрсетуге болады:

- ескі формасы – Вэньянь (文言) – «Классикалық Қытай жазуы», XX ғасырдың басына дейін қолданылған Қытай жазуы. Бұл жазудың басты ерекшелігі әрбір сөз тек бір иероглифпен жазылады.

- жаңа формасы – Байхуа (白话) – қазіргі Қытайда қолданылатын жазу формасы. Бұл жазудың түрі 1919 жылы 4 мамырда өткен студенттік қозғалыстан кейін қолданысқа енгізілді [1].

Қытай жазуы – Жер шарындағы ең көне жазулардың бірі. Қытай иероглифтері Қытай өркениетінің дамуында ғана емес, әлемдік мәдениеттің дамуында орасан зор орын алады. Тек 6000 жылдан бұрын, графикалық белгілер жүйесі қалыптасқан еді. Алайда, бүгінгі таңда, Қытай иероглифтерінің қашан пайда болу уақыты әлі де нақты анықталмаған. 1962 жылы Хуанхэ өзенінің бойындағы Цзяху неолиттік қоныста археологиялық зерттеулер жүргізген кезде төрт тасбақаға жазылған көне жазулар табылған еді. Ал бұл жазулардың өзі Қытайдың ежелгі иероглифтеріне ұқсас болып жазылған. Бұл пиктограммаларды б.з.д. VI мың жылдықтарға жатқызады. Сонымен қатар, ежелгі қытай жазуы туралы айтқанда, неолит дәуірінің Цзяху жазуын да атап көрсету міндетті. Бұл б.з.д. 6600 ж. болған қытай иероглифтеріне ұқсас жазу [2,3,4].

Ендігі кезекте, қытай тілінің сөздерінің қалыптасуына тоқталайық. Бүгінгі таңда қытай тілінің иероглифтері кейде жеке дара бір сөзді білдірсе, кейде бірнеше иероглифтердің бірігуі арқылы белгілі бір мәнге ие болуы мүмкін. Қытай жазуының жүйесін былай түсіндіруге болады. Әр иероглиф белгілі бір мәнге ие, ұғымы бар таңба болып табылады. Егер қытай тілінің әр сөзіне белгілі иероглиф қолданылатын болса, онда қытай жазуында жүз мыңнан астам иероглиф болар еді. Сондықтан, мағынасы бойынша бірнеше иероглифтердің бірігуі жаңа сөздің қалыптасуына әкеледі. Енді бұл иероглифтердің қалыптасу формаларына тоқталатын болсақ:

✓ Түбір+жұрнақ:

Бұл қытай жазуының қалыптасу формасында бір иероглиф жұрнақтың бірігуі арқылы жасалады. Мысалы, қытай тіліндегі 鸟 – niǎo иероглифін қарастырсақ. 鸟 – niǎo- құс деп аударылады, ал егер оған 儿 er – кішкентай затты білдіру үшін қолданылатын жұрнақты қоссақ, онда жаңа сөз, 鸟儿 - Niǎo er – кішкентай құс (птичка) деген мағынадағы сөз шығады.

✓ Түбір+түбір:

Қытай тіліндегі сөздердің қалыптасуының ең таралған формаларының бірі – екі түрлі мағыналы сөздердің бірігуі арқылы бір мағынаны білдіретін сөздердің қалыптасуы. Бұл сөздердің қалыптасу формасы қазақ тілінде де кең таралған: балабақша, теміржол және т.б. Екі түбірдің бірігуі арқылы қалыптасатын сөздердің де әр түрлі жолдары бар. Мәселен, бір түбірді әртүрлі түбірлерге жалғау арқылы мағыналары жағынан өзара жақын сөздерді

қалыптастыру. Мысалы, қытай тілінің 车 chē (арба, тіркеу) деген иероглифін қарастырсақ:

- 火 huǒ (от) + 车 chē (арба, тіркеу) = 火车 huǒchē «поезд»
- 汽 qì (газ) + 车 chē (арба, тіркеу) = 汽车 qìchē «автомобиль»

Немесе 场 chǎng (орын, аула) иероглифінің бірігуімен қалыптасатын сөздерге назар аударсақ:

- 农场 nóngchǎng «ферма» (农 nóng, «ауыл шаруашылығы»)
- 工場 gōngchǎng «завод» (工 gōng, «жұмыс»)
- 电 diàn «электр күші» деген мағынадағы сөздердің бірігуі:
- 电 diàn «электр күші» + 话 huà «сөйлеу» = 电话 Diànhuà «телефон»
- 电 diàn «электр күші» + 脑 nǎo «ми» = 电脑 Diànnǎo «компьютер»
- 电 diàn «электр күші» + 影 yǐng «сурет» = 电影 Diànyǐng «фильм»

-деген жаңа сөздер қалыптасады [5].

Кейбір жағдайда, бірнеше иероглифтердің бірігуі нәтижесінде бір иероглиф өзінің мағынасын жоғалтып, түбірге жұрнақ арқылы жалғасады. Мысалы, 生 shēng «туу» деген мағынадағы иероглиф, басқа сөздермен біріккен кезде өз бастапқы мағынасын жоғалтты: xuésheng 学生 «студент» («оқу» 学 xué түбірімен жалғасуы) және yīshēng 医生 «дәрігер» («медицина» 医 yī түбірімен жалғасуы).

Түбірлердің бірігуінің тағы бір түрі – мағынасы бойынша бір-біріне қарама-қарсы сөздердің бірігіп, жаңа мағына беруі. Мысалы:

• 东西 dōngxī «зат» (东 dōng — «шығыс», 西 xī — «батыс»), яғни бұл жерде Қытайдың Ұлы Жібек жолымен байланысты, бұрыннан бері сауда батыс пен шығыс аймақтарында болғандықтан, бұл сөздердің бірігуі «зат» деген ұғымды білдіреді.

• 大小 dàxiǎo «өлшем» (大 — «үлкен», 小 — «кішкентай»).

• 多少 duōshao «қанша» сұрау есімдігі 多 duō — «көп», 少 shǎo — «аз» мағынадағы иероглифтерінің өзара бірігуі арқасында қалыптасады [6].

Бүгінгі таңда қатй тілінің көптеген иероглифтері үш түрлі варианттарда кездеседі:

- Дәстүрлі нұсқа
- Жеңілдетілген қытайлық нұсқа - пиньинь
- Жеңілдетілген жапондық нұсқа

Қытай жазуының дәстүрлі нұсқасы – ҚХР-да XX ғасырға дейін қолданыста болған қытай жазуы. Дәстүрлі қытай жазуы ең алғашқыда Хань әулетінің билігі кезінде (V ғасырлар) пайда бола бастаған.

Қытай Халық Республикасының XX ғасырдың соңында қарқынды дами бастауы, халықаралық аренада орын ала бастауы, басқа мемлекеттермен «ашық есік» саясатын жүргізе бастауы және саяси, экономикалық дамуы Қытайдың басқа елдермен тығыз қарым-қатынас орнатуына әкелді. Осыған орай қытай жазуын жеңілдету мәселесі бірінші орынға шыға бастады. Себебі, Қытай жазуының күрделілігі – Қытайдың экономикалық дамуына кедергі жасады. Елде Қытай жазуының жаңа формалары енгізіле бастады. Бұндағы басты мақсат дәстүрлі нұсқадағы қытай жазуын неғұрлым жеңілдету болып табылады. Реформа нәтижесінде 2235 иероглифтің жазылуы өзгертулді. Бұл жазудың жеңілдетілген нұсқасы 1950 жылдары ҚХР-ны енгізіле бастап, 1956 жылы Қытайдың ресми жазу жүйесі ретінде орнады. Кейін 1964, 1977 жылдары қайта реформалар мен өзгертулер жүргізілген еді. 1952 жылы Қытайдағы зерттеу комитетті Қытай жазуын жеңілдету бойынша процеске Лунь Юйдің айтқан «дамытамыз, бірақ ойдан шығармаймыз» (қытайша - 述而不作) сөздерін негізгі принцип ретінде ұстанды. Қытай иероглифтерін жеңілдетудің негізгі ұстанған ережелері мен принциптері: стандарттау, дәстүр мен қарапайымдылықты ұстану, фонетикалық ерекшеліктерін ескеру болды [7,8].

Мысалы:

| Дәстүрлі нұсқа | Жеңілдетілген нұсқа | Аударымы  |
|----------------|---------------------|-----------|
| 買              | 买                   | Сатып алу |
| 開              | 开                   | Ашу       |
| 東              | 东                   | Шығыс     |

Бүгінгі таңда жазудың дәстүрлі ұсқасы Корея, Тайвань, Гонконг және Макаода әлі күнге дейін қолданыста. Жапонияда 1946 жылдан бастап жеңілдетілген жапондық жазу қолданылуда. Ал Сингапур және 1981 жылдан бері Малайзия қытайдың жеңілтілген жазуымен жазады.

Қорытындылай келе, бүгінгі таңда қытай тілі мен жазуы – әлем халқының көп бөлігі қолданатын тілдік жүйе болып табылады. Өзіміз байқағанымыздай, қытай жазуы өте ертеден бастап пайда болып, бүкіл адамзат өмірі үшін үлкен тарихи мәнге ие. Сондықтан, бұл қытай жауының тарихын, қалыптасуын және негізгі нұсқаларын білу өте маңызды. Себебі, қытай тілі – орасан зор тарихи мәнге ие, өркениет және әлемдік тіл.

#### Қолданылған әдебиет

1. Тан Лань, Чжунго вэньцзы сюэ (Учение о китайском письме), Шанхай, 1981, с. 63-66.
2. Крюков М.В. Древнекитайский язык / М.В. Крюков, Хуан Шу-ин - М.: Наука, 1978. - 512 с
3. Ольга Завьялова Лабиринты иероглифа // НГ-Наука. — 2001. — № 06 (42). Китайская письменность
4. "История Древнего мира. Древний Восток. Индия, Китай, страны Юго-Восточной Азии" / А.Н. Бадак, И.Е. Войнич, Н.М. Волчек и др. - Мин.: Харвест, М.: АСТ, 2000. - 848 с. ISBN 985-433-717-0
5. Чжоу Югуан Модернизация китайского языка и письменности // Новое в зарубежной лингвистике. — М., 1989. — В. XXII. Языкознание в Китае. — С. 376-398.
6. Омельченко, О. А. Изучаем грамматику китайского языка/ О. А. Омельченко. - М.: Восточная книга, 2007. - 317 с.
7. [http://www.china-shufa.narod.ru/2History/history/history\\_1.htm](http://www.china-shufa.narod.ru/2History/history/history_1.htm)
8. <http://www.asia-business.ru/military/culture/writing/>

ӨОЖ 811.581'362:811.512.122

#### ҚЫТАЙ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛДЕРІНДЕГІ МӨЛШЕР СӨЗДЕРДІ САЛЫСТЫРУ

Тезекбаева Нургуль Сайрановна

[k.nura\\_08@mail.ru](mailto:k.nura_08@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің қытай филологиясының студенті, Астана, Қазақстан

Мөлшер – адамдардың дүниетанымы, оны меңгеру мен бейнелеудегі басты көлемі іспетті ұғым. Адамның дүниетанымы, құбылыстар мен заттар, олардың көлемі барлығы да мөлшерсіз, шамасыз болмайды. Кез келген заттың, құбылыстың белгілі бір өлшемі, мөлшері болады. Зат немесе қимыл- әрекеттің сандық мөлшерін емес, тек бірлігін ғана білдіретін сөздер қытай тілінде мөлшер сөздер деп аталады. «Мөлшер сөз» атауының мағынасына келсек, ол мөлшерлеу, шамалау дегенді білдіреді. Қытай тіл білімінде 1898-1952 жылдар аралығындағы ғылыми еңбектерде мөлшерге берілген атауларда бірізділік жоқ екенін байқауға болады. 1898 жылы Ма Цзенчжүң (马氏文通) «Грамматика сауаты» кітабының есім сөздер тарауында былай деген: «Өзі сөз емес, бірақ зат санымен қабысып келетін сөздер болады. Мысалы, ат, арба деген атаулардың алдында тұрады». Лүй Шушяң (吕叔湘) «Қазіргі